

# ҰСТАЗ, АЗАМАТ ҒӘМ АРДАҒЕР

**Г**ЕНЕРАЛ жұмысқа келді. Әдеттегідей тәртіп бойынша кезекшіден бастап, зал ішіндегі курсант, офицерлерге дейін сәлем берді. Бір сәт мектеп басшысының көзі сол жақта қаздырып тұрған ұзын бойлы, шашын артына қайырған жігітке түсті.

– Төлеген, жағдайың қалай?

– Жақсы, жолдас генерал-майор!

Лауазымды кісінің мұндай мейірімділігіне тындаушылардың ешқайсысы да тандана қойған жоқ. Өйткені генералда да әкелік, үлкендік ілтипат бар емес пе!

Кабинетіне келгенде көз алдына төртінші курстың үздік тындаушысы саналатын Төлеген Сұлтановтың бейнесі тұрды.

«Елдің басына қатер төнген сәтте қайыспай қарсы тұра алатын нағыз ержүрек азамат деп, міне, осындай жігіттерді айтқан жөн. Қай жағынан алып қарағанда да өзінің мамандығын дұрыс тандай білген, жүріс-тұрысы да, мәдениетті сөйлей білуі де адамның көңіліне бір жып-жылы әсер қалдыратындай».

Генерал өз шәкірті жөнінде осындай ой түйді.

Әншейінде, ұсақ-түйек нәрсе болып көрінетін осы бір кішкене көрініс Бәрімбек Сәрсенұлының өзі көз алдына өткен өмір жолын елестеткендей.

... Сұрапыл соғыс жылдары. Он сегіз жасында соғысқа аттанған колхозшының баласы қан майданды бастан кешіріп, ауыр сындарға қайыспай төтеп бере білді. Көптен күткен жеңіс күні де келді. Бәрімбек те елге аман-есен жеңіспен оралды. Омырауында «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», тағы басқа да медальдар бар.

Ұлы Отан соғысынан кейін халық шаруашылығын

қалпына келтіруге партия басшылығымен бүкіл ел жұмыла кірісті. Отжалынның ортасынан еліне аман жеткен жас жігіт те өзінің алдында қиыншылығы мол жолдардың күтіп тұрғанын жақсы сезінді. Туған елінің азаматы бола білу — ең ізгі ниет болатын. Ақырында, осы абзал сезім солдат жігітті ауылдан астанадағы мемлекеттік заң институтына алып келді.

Бәрімбек Сәрсенұлы былай деп ойлады: адамнан мықты, адамнан құдіретті де күшті ешкім де, ештеңе де жер бетінде жоқ шығар-ау. Кімде-кім ізгілік үшін күрессе, қандай шынға болсын шыға алары сөзсіз.

Институттан кейін прокурордың көмекшісі болып астанада қызмет етіп жүргенде бір ұққаны: сапалы білім алудың өзі жас маманға көптеген жеңілдіктер бере отырып, бұрын жұмбақ тәрізді болып көрінетін сырлы дүниенің ғажайып құпиясын ашуға мүмкіндік береді екен. Студенттік ғылыми үйірмелерге, конференцияларға белсене қатысудың өзі алғашқы баспалдақ десе болғандай. 1960 жылы аспирантураны бітіргенде, Бәрімбек Сәрсенұлының келешегінен ұстаздар үміт отының ұшқынын айқын аңғарғандай еді. Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және заң институтында кіші ғылыми қызметкер болып жүргенде кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғауы жас маманның ғылыми педагогтік салада жемісті еңбек ете алатындығын көрсетті.

Ол қай уақытта болса да маңызды бір мәселені — жастардың тәрбиелену ісін үнемі зерттеуден жалыққан емес. Ойлап қарасаңыз, заң қызметкерінің бүкіл мақсат-мүддесі де, ойы да адам жанының емгері деген атаққа саяды екен. Адамшылықтан айнымау — міне, ең басты міндет осы. Мүмкін, бізге бұл айтуға ғана онай шығар. Ал іс жүзінде жастардың моральдық-психологиялық ахуалын дұрыс қалыптастыру онай шаруа емес. Оған шын мәнінде қамқор-

шы бола білу шарт. Ал бұл тәрбиеші адамның терең білімділігін, таланттылығын қажет етері сөзсіз.

Бәрімбек Сәрсенұлы жүріп өткен жолдың соқтықпалы соқпағы мен қиыншылықтары көп. Қан майданды он сегіз жасынан бастап басынан өткерген ол өмір күрделілене әрі ұзара түскен сайын жігеріне жігер қосылып, шындала береді. Қазақ мемлекеттік университетінің проректоры, КСРО Ішкі істер министрлігі Москва Жоғары мектебінің Алматыдағы күндіз және сырттан оқитын факультетінің бастығы болды ол. Тізе берсек, Бәрімбек Сәрсенұлының бұндай басшы қызметтерді атқарудағы еңбегі аса зор. Ардагер аға Қарағанды Жоғары милиция мектебін үзбей он бес жыл басқарды. 1973 жылы ішкі істер қызметінің полковнигі Бейсеновке генерал-майор атағы беріледі.

Оқыту, тәрбие жұмысын жандандыру, білікті мамандар даярлап шығару жөнінде профессор Бейсеновтың сіңірген еңбегі көп. Ғалымның озық тәжірибелерін іс жүзінде парасаттылықпен пайдалана білуі, оның орталық баспалардан жарық көрген еңбектерінен де айқын көрінеді. Оның басты тақырыптары қылмысты болдырмаудың, оқиғаны алдын алудың, жалпы криминалогияның проблемаларын камтиды.

Бәрімбек Сәрсенұлы Қазақ және Қырғыз республикаларының Жоғары оқу орындарының ауыр қылмысты болдырмау жөніндегі күрестің кешенді проблемаларын ғылыми тұрғыдан зерттейтін ұйымдарына басшылық жасап келді. Оның жемісті еңбегін үкіметіміз лайықты бағалады. Ардагер аға Халықтар Достығы орденімен қоса он екі медальдың иесі. КСРО Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері деген атағы және бар. Генерал-майор Бәрімбек Сәрсенұлы Қазақ КСР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтың азаматтық келбеті, міне осындай еді.